

Біліктілікті арттыру курстары, семинар, вебианарларға қатысу

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: – Біліктілікті арттыру курстары бағдарламаларының мазмұны педагогикалық қызметтің барлық түрлерін іске асыру үшін педагогке қажетті пәндік, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және басқа да құзыреттердің оңтайлы ара қатынасын қамтитын болады, – деп нақты айтылған. Біліктілікті арттыру – мұғалімнің өз қызметін нәтижелі атқаруы үшін және кәсіби деңгейін көтеру мақсатында арнайы оқу бағдарламалары арқылы оқыту, кәсіби даму іс-шараларына қатыстыру және өз білімін көтеруі болып табылады. Мұғалімдер біліктілігін арттыра отырып, оқыту және оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік алды.

<http://sc0001.astrahanka.aqmoedu.kz/content/blktlkt-arttyru-kursy-2025gh>

2024-2025 оқу жылының басында жоспар бойынша 11 педагог пән бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өту жоспарланды. Жыл соңында 97% орындалды. Тек химия пәнінен курстан өту мерзімі қазан айына қалдырылғандықтан -1 педагог өткен жоқ.

«Қазақстан халқына» қоры, «Ауылдық аймақтардағы тірек мектептердің әлеуметін арттыру» жобасына кіргендіктен қосымша курстар ұйымдастырылды.

«Диагностика структуры интеллекта Тест Д.Векслера: детский вариант» 4 часов (онлайн) тақырыбында 1 педагог, Диагностические и коррекционно-развивающие методики производства ООО «Студия ВиЭль» в работе специалистов практиков, 2 часов – 1 педагог, АКТ, STEM, робототехниканы меңгеру бойынша – 2 педагог, жалпы 5 педагог, «Назарбаев зияткерлік мектебі» ПШО-ның ұйымдастыруымен «Тиімді оқыту және оқу», 296 сағаттық курс – 1 жас маман, «Мектеп командасының кәсіби құндылығын арттырудағы икемді дағдылар (soft skills)» тақырыбында мектеп әкімшілігі, ӘБ жетекшілері – 7 педагог, "Тиімді коммуникация және келіссөз жүргізу өнері" тақырыбында – 7 педагог. «BILIMCLASS» жобасының менеджерінің ұйымдастыруымен «Мұғалімдерге арналған BILIMCLASS жүйесіне кіріспе» курсынан мектеп педагогтері 100% өтті.

2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Білім беру бағдарламалары орталығының ұйымдастыруымен «Ауылдық жерлердегі тірек мектептерінің әлеуетін дамыту» жобасы аясында «Оқушылардың пәндік дағдыларын дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын іске асыру әдістері мен тәсілдері» оқыту семинарына мектеп әкімшілігі, негізгі пән мұғалімдері қатысты. 2024 жылғы 20-21 қарашада Көкшетау қаласында халықаралық және қазақстандық сарапшылардың қатысуымен Мұғалімдер Саммитіне біздің ұжымнан мектеп басшысы Г.Бахытевна, ДОЖО Отениязова А.А., ДОЖО Кошекбаева Г.А., информатика пәні мұғалімі Оспанов Д.К және ағылшын тілі пәні мұғалімі Оспанова Г.К тәжірибе алмасу мақсатында қатысты.

Іс-шарада әлеуметтік-эмоционалдық оқыту (SEL), инклюзивті білім беру, білім берудегі жасанды интеллект (AI), Психология және нейропедагогика саласындағы әлемнің және Қазақстанның үздік мұғалімдерінің тренинг-бағдарламасы ұсынылады. Әрбір қатысушы халықаралық мамандардың қолдары қойылған сертификат алады, бұл өткен оқуды растау ғана емес, сонымен қатар кәсіби портфолио үшін құнды құжат болады. Бельгия, Сингапур мен Пәкістаннан келген сарапшылар өздерінің тәжірибелерімен бөлісті.

Өте құнды тәжірибе алмасу алаңы болды.

https://www.instagram.com/p/DC6KRcyoe74/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA

3. "Қазақстан халқына "қорының фондымен жабдыкталуына байланысты, облыс бойынша республикалық "Ауыл мектептерінің әлеуетін көтеру "жобасына енді. Осы жобаның аясында Педагогикалық шеберлік, Назарбаев Зияткерлік мектептерімен тығыз байланыста жұмыс жасаудамыз. Осы мақсатта 21 ақпан күні мектепте Көкшетау қаласы "Педагогикалық шеберлік "орталығының директоры Журунтаева Сәуле Байкешевнаның ұйымдастыруымен оқыту семинары өтті. Семинардың негізгі мақсаты- мектеп мұғалімдеріне сабақ құрылымына байланысты, PISA тапсырмаларын дайындау және инклюзивтік білім берудің ерекшелігіне қарай әдістемелік қолдау көрсету. Семинарға мектеп педагогтері 100% қатысты. Бізге бекітілген серіктес мектептерден мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері қатысты.

https://www.instagram.com/p/DGaBnlrsw49/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

27-28 наурыз күні Астана қаласындағы Халықаралық мектебінде ауылдық аймақтағы тірек мектептердің әлеуетін арттыру мақсатында ұйымдастырылған «Ауыл мектебі – жаңа мүмкіндіктер арнасы» атты республикалық әдістемелік интенсивке мектеп директоры Шонгалова Г.Б, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Отениязова А.А, биология пәні мұғалімі Касымова С.Ш. қатысты. Тәжірибе алмасу алаңында маңызды тақырыптар талқыланды.

https://www.instagram.com/p/DKrdPZTvtD0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Тірек мектептері» жобасына аясында "ауылдық мектептердің әлеуетін көтеру" мақсатында Кавказ және Орталық Азия елдерінің Халықаралық Бакалавриат мектептері Ассоциациясы біздің ұйымның мұғалімдерін Experiential Learning Conference 2025 конференциясына шақырды. Конференция 2025 жылғы 17-20 сәуір аралығында Астана қаласындағы Халықаралық мектебінде (Қазақстан) өтті. Бұл конференция үш жыл қатарынан Баку қаласында (Азербайджан) өткізілді және әлемнің түрлі елдерінен келген мыңға жуық педагогтарды кәсіби даму, тәжірибе алмасу, заманауи білім беру тәсілдерімен танысу және біліктіліктерін арттыру мақсатында біріктірді. Төртінші мәрте өтетін конференция бағдарламасы:

17 сәуір: NOPE фестивалі шығармашылыққа, шабытқа және жаңа білім беру тәсілдеріне арналған оқушылар конференциясы. 18-20 сәуір: Конференцияның негізгі бөлігі, ол 50-ден астам практикалық семинарлар мен шеберлік сағаттарын қамтиды. Мұнда білім беру саласындағы өзекті тақырыптар, әлемдік деңгейдегі сарапшылардың баяндамалары ұсынылды. Конференцияның қорытындысы бойынша қатысушылардың қатысуы мен кәсіби өсуін растайтын Халықаралық Бакалавриат Ассоциациясының сертификаты табысталды.

https://www.instagram.com/p/DKraksCv6Cu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

"Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының "Білім беру бағдарламалары орталығы" филиалында "Ауылдық жерлердегі тірек мектептерінің әлеуетін дамыту" жобасы аясында "Оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру" атты оқыту семинары өткізілді. 24-25.04 күндері химия, биология физика пәндері мұғалімі, 28-29.04 күндері көркем еңбек, музыка, биология пәндері мұғалімдері семинарға қатысып, тәжірибе алмасты.

Құнды

ақпараттар

алды.

https://www.instagram.com/p/DKrhqzNvJ7Q/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA

4. "Қазақстан халқына "қорының фондымен жабдыкталуына байланысты, облыс бойынша республикалық "Ауыл мектептерінің әлеуетін көтеру" жобасы аясында жыл бойы оқыту курстарынан негізгі пәндерден вебинарлар ұйымдастырылды. Физика, химия, биология – 3, дронмен жұмыс -1, кітапханашы -1, география, тарих -3, физика ,математика, информатика-3, бастауыш сынып мұғалімдері- 10, психолог – 1, LEGO құрастыру -1, психолог, дефектолог, логопед -4, STEM және робототехника -2, биология -1, психолог, логопед -3, Инклюзия, логопед, психолог -3, бастауыш сынып мұғалімдері- 9, практикалық сабақтар -10, моделдеу -3, «Ақылды үй» -1 педагог қатысты.